

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

14 наурыз 2023 жыл

KASE биржалық нарықтың 2023 жылдың ақпанындағы жұмысының қорытындыларын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2023 жылдың ақпанындағы қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылдың ақпанында 23,7 трлн теңгені құрады және қаңтарға қатысты 0,2 %-ға немесе 43,2 млрд теңгеге төмендеді.
- Айдың қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 1,2 %-ға өсіп, 3 338,90 тармақты құрады.
- Ақпан айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 0,8 %-ға 21,9 трлн теңгеге дейін өсті, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 7,8 %-ға 13,3 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- 2023 жылдың 01 наурызындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 219 эмитенттің 576 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.
- 2023 жылдың 01 наурызындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 575 мың жеке тұлғаға ашылған 609 мыңнан астам дербес қосалқы шоттар болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

Ақпан айында KASE қатысуымен бірқатар іс-шаралар өткізілді:

- Астана қаласында "KASE day in Astana" бизнес-таңғы ас форматында жеке және квазимемлекеттік сектор өкілдері мен Биржаның серіктестері үшін кездесу өткізілді. Іс-шара KASE нарықтарында уақытша бос қаражатты тарту қаржыландыру және инвестициялау мүмкіндіктері туралы ақпарат беруге бағытталған.
- "Эмитент күні" жобасы аясында KASE-де "Кредит Time" МҚҰ ЖШС өкілдерінің инвесторлармен және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен "Компаниямен танысу және алдағы шығарылым туралы ақпарат" тақырыбында онлайн-кездесуі өтті.
- "Бизнеске арналған KASE мүмкіндіктері" вебинары кәсіпкерлердің қаржылық сауаттылығын және олардың ШОБ қаржыландыру мүмкіндіктері туралы хабардарлығын арттыру үшін өткізілді.
- KASE қондитерлер қауымдастығы мен Қазақстанның астық өңдеушілер одағының өкілдерімен "KASE-де қаржыландыруды тарту" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.
- KASE үздік нәтижелер көрсеткен Биржа мүшелерін, листингілік компанияларды – ашықтыққа ұмтылғаны үшін, БАҚ өкілдерін – қор нарығын белсенді жариялағаны үшін, сондай-ақ Қазақстанда қаржылық емес есептілікті дайындау практикасын дамытуға бағытталған 2021 жылға жылдық есептер конкурсының қорытындысы бойынша ұйымдарды жыл сайынғы марапаттау рәсімін өткізді.

2023 жылдың 14 ақпанынан бастап KASE бүкіл әлем бойынша 60-тан астам орталық контрагенттердің (ОК) қызметін ұйымдастыратын 40-тан астам мүшені – Америка, Еуропа, Таяу Шығыс, Африка және Тынық мұхиты Азиясын қамтитын ССР12 қауымдастығының мүшесі болды.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2023 жылдың ақпан айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 21,9 трлн теңгені (48,7 млрд USD) құрады, бұл өткен айдың ұқсас көрсеткішінен 177,7 млрд теңгеге немесе 0,8 %-ға жоғары. Өсімнің негізгі үлесі Kaspi.kz АҚ, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ және "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ акцияларының бағасын ұлғайту есебінен капиталдандыруға тиесілі болды.

Ақпан айының соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде 91 эмитенттің 105 атаудағы акциялары болды, оның ішінде үш эмитенттің үш атаудағы акциялар "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілді.

Ақпан айында акциялармен сауда-саттық көлемі 28,1 млрд теңгені құрап, қаңтарға қатысты 47,7 %-ға немесе 9,1 млрд теңгеге өсті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 1,4 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 2 369, бір мәміленің орташа көлемі – 592,8 мың теңгені құрады. Ақпан айында акциялардың сауда-саттығы тек қайталама нарықта өтті.

Инвесторлардың негізгі санаттары арасында жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен мәмілелердің жиынтық көлемінің 42,4 %, банктердің үлесіне – 6,7 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 6,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 1,9 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 42,6 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 37,7 % құрады.

KASE ИНДЕКСІ

KASE Индексінің мәні ақпан айында 1,2 %-ға өсіп, айдың соңына қарай 3 338,90 тармақты құрады. Есепті айда ең жоғары мән 17 ақпанда тіркелді – 3 382,79 тармақ.

Ақпан айында индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 23,1 млрд теңгені құрады, бұл қаңтар айындағы көрсеткіштен 5,5 млрд теңгеге жоғары. 03 ақпаннан бастап KASE индексін есептеу үшін акциялардың өкілдік тізіміне "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ жай акциялары енгізілді. Бір айда олармен сауда-саттық көлемі 20,3 млрд теңгені құрады (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 87,9 %).

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акцияға теңгемен			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.03.23 ж.б.	01.02.23 ж.б.	Δ, %	ақпан	қаңтар	Δ
Kaspi.kz АҚ	KSPI	34 844,00	33 557,22	+3,8	322,7	125,3	+197,4
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	127,30	122,95	+3,5	236,9	488,3	-251,4
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	9 765,00	9 520,1	+2,6	20 303,2	14 366,9	+5 936,3
"Kcell" АҚ	KCEL	1 771,00	1 750,00	+1,2	1 228,3	1247,7	-19,4
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	29 490,01	29 190,00	+1,0	163,2	339,7	-176,5
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	708,99	710,00	-0,1	109,2	127,8	-18,6
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 618,89	1 622,00	-0,2	43,6	43,7	-0,1
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	630,00	634,69	-0,7	237,9	83,5	+154,4
"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ	KZAP	13 601,32	14 216,81	-4,3	461,0	828,3	-367,3

Ақпан айында қаржы секторы өкілдерінің акциялары ең үлкен өсімді көрсетті: **Kaspi.kz АҚ** жай акциялары 3,8 %-ға, **"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ** жай акциялары 3,5 %-ға өсті. Қазақстан Ұлттық банкінің деректеріне сәйкес, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ-ның 2022 жылдағы таза пайдасы шоғырландырылмаған есептілік бойынша 14,3 %-ға 539 млрд теңгеге дейін өсті. Kaspi.kz тобының таза пайдасы сол кезеңде 36 %-ға өсті. Топ акцияларды сатып алу бойынша үшінші бағдарламаны аяқтады, үш бағдарламаның қорытындысы бойынша 180 миллион АҚШ долларына GDR кері сатып алынды. Kaspi Директорлар кеңесі 2022 жылдың төртінші тоқсанында GDR-ге 600 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді ұсынды, сондай-ақ ағымдағы жылға арналған болжамдар айтылды: 2023 жылдың қорытындысы бойынша Kaspi.kz таза пайдасының 25 %-ға өсуі болжануда.

"Қазақтелеком" АҚ және оның **"Kcell" АҚ** еншілес компаниясының жай акциялары тиісінше 1,0 % және 1,2 %-ға өсті. Қазақтелеком қаржы директоры 09 ақпанда алдын ала деректер бойынша Компания қызметінің нәтижелері 2022 жылдың қорытындысы бойынша жоспарлы көрсеткіштерден асып кеткенін хабарлады. Бұдан басқа, 23 ақпанда "Қазақтелеком" Қазақстанда

5G енгізу жобасы бойынша күрдәлі шығындарды қаржыландыру үшін Kcell және "Мобайл Телеком-Сервис" кредиттік желісінің 40 млрд теңге сомасына берілгені туралы хабарлады.

Ақпан айында **"ҚазТрансОйл" АҚ** жай акциялары 0,1 %-ға шамалы төмендеумен аяқталды. 25 ақпанда "ҚазТрансОйл" АҚ Германияға одан әрі жеткізу үшін "Транснефть" ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне 20 мың тонна қазақстандық мұнайды тапсыруды жүзеге асырды.

"KEGOC" АҚ жай акциялары айды 0,2 %-ға төмендеумен аяқтады. 06 ақпанда Fitch Ratings рейтингтік агенттігі "KEGOC" АҚ рейтингін "BBB-" деңгейінде тұрақты болжаммен растады.

"Банк ЦентрКредит" АҚ жай акциялары ақпан айында 0,7 % бағасын жоғалтты. 09 ақпанда банк 2022 жылға артықшылықты акциялар бойынша 15 ақпаннан 17 наурызға дейін бір акцияға 42,00 теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу ниеті туралы жариялады.

Ақпан айының қорытындысы бойынша **"Қазатомөнеркәсіп Ұлттық атом компаниясы" АҚ** жай акцияларының бағасы 4,3 %-ға төмендеді, бұл ретте екі айдың қорытындысы бойынша индекстік акциялар арасында ең жоғары өсім 5,6 % көрсетті. Компанияның корпоративтік оқиғаларынан: 09 ақпанда Yellow cake 2023 жылдың екінші жартысында жеткізіліммен "Қазатомөнеркәсіп ҰАК" АҚ-нан бір фунт үшін 4 48,9 (нарықтық бағасы бір фунт үшін 5 50,5) бағамен 1,35 млн фунт уран сатып алуға опционды іске асырды.

Ақпанның маңызды оқиғасы 03 ақпаннан бастап **"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ** бағалы қағаздары KASE Индексін есептеу үшін акциялар тізіміне енгізу болды. 2022 жылдың желтоқсанында өткізілген IPO шеңберінде "ҚазМұнайГаз" акциялары орналастырылған сәттен бастап ақпан айының соңына дейін компанияның акциялары 16,2 %-ға өсті. Компания 2022 жылдың қорытындысы бойынша қызметтің оң өндірістік нәтижелерін жариялады: 2021 жылмен салыстырғанда мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 1,7 %-ға 22 млн тоннаға дейін өсті, мұнай тасымалдау көлемі 0,1 %-ға 74,7 млн тоннаға дейін, қазақстандық және румындық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 5,7 %-ға 19,9 млн тоннаға дейін өсті.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

Ақпан айының соңында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің 44 атауы мен 12 ETF акциялары болды.

Есепті айда KASE Global секторында жалпы сомасы 1,7 млрд теңгеге 4 924 мәміле жасалды. Қаңтарға қатысты сауда-саттық көлемі 14,7 %-ға немесе 294,3 млн теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 85,3 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 246, бір мәміленің орташа көлемі – 346,6 мың теңгені құрады.

Айдың қорытындысы бойынша мәмілелердің ең көп көлемі келесі акцияларға түсті:

- Meta Platforms, Inc. – жалпы сомасы 375,4 млн теңгеге 204 мәміле;
- Apple Inc. – жалпы сомасы 204,5 млн теңгеге 410 мәміле;
- Tesla, Inc. – жалпы сомасы 204,2 млн теңгеге 839 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 57,1 % – жеке тұлғаларға, 29,6 % – басқа заңды тұлғаларға, 13,3 % – брокерлік-дилерлік компанияларға тиесілі. Бейрезиденттердің үлесі 1,1 % құрады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2023 жылдың ақпанында айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 7,8 %-ға немесе 1,1 трлн теңгеге 13,3 трлн теңгеге (29,6 млрд USD) дейін төмендеді.

2023 жылдың ақпан айының соңында KASE ресми тізімінде 83 эмитенттің 344 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Ақпан айында KASE ресми тізіміне "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ облигацияларының үш шығарылымы, "FIVE BROKERS' CAPITAL" АҚ, "Finaccord Limited" жеке компаниясы, "Birinshi Lombard" ЖШС, "онлайн Қазқаржы МҚҰ" АҚ, "ЮНИКРЕДО МҚҰ" ЖШС, "Өзбекстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметінің Ұлттық банк" АҚ және "UzAuto Motors" АҚ бір-бір шығарылымы енгізілді.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні ақпан айында 39 б.т. өсті және айдың соңында жылдық 13,23 % құрады

KASE корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі қаңтарға қарағанда 39,3 %-ға немесе 72,4 млрд теңгеге 111,9 млрд теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 5,6 млрд теңгені (қайталама нарықта – 1,1 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 149 мәмілені (қайталама нарықта – 130 мәмілені), бір мәміленің орташа көлемі – 37,6 млн теңгені (қайталама нарықта – 8,6 млн теңге) құрады.

2023 жылдың ақпанында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 89,6 млрд теңгені құрады, бұл қаңтардағы көрсеткіштен 38,5 %-ға немесе 56,1 млрд теңгеге төмен:

- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 16,73-18,34%-бен және өтеуге дейінгі мерзімдері бір жылға дейінгі және бес жылға дейінгі облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 52,8 млрд теңге тартты;
- "Bank RBK" Банкі" АҚ өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 18,25 %-бен онжылдық облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 20,0 млрд теңге тартты;
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 0,50 % екі жылдық облигацияларын орналастыра отырып, 15 млрд теңге тартты;
- "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 22,00% және 22,75% және өтеуге дейінгі мерзімдері бір жылға дейін және үш жылға дейін облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 1,9 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі – 32,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 37,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 28,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 2,0 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 0,3% құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі қаңтарға қатысты 42,3 %-ға немесе 16,3 млрд теңгеге 22,3 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 22,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 14,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 54,8 %, жеке тұлғалардың үлесі – 8,5 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 7,9 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы ақпан айында 2,8 %-ға немесе 620,3 млрд теңгеге ұлғайып, 22,5 трлн теңгені (50,0 млрд USD) құрады.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 469,9 млрд теңгені құрады және қаңтармен салыстырғанда 8,9 %-ға немесе 45,8 млрд теңгеге төмендеді. 2023 жылдың ақпан айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 23,5 млрд теңгені (қайталама нарықта – 4,7 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 17 (қайталама нарықта – 12), бір мәміленің орташа көлемі – 1,4 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,4 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда көлемі 16,4 %-ға немесе 73,9 млрд теңгеге 375,8 млрд теңгеге дейін төмендеді. Барлық көлем Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастыруға келді. Облигациялардың он шығарылымы жылдық 11,60-17,28 % және өтеу мерзімі бір жылдан 14 жылға дейін орналастырылды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 64,2 %, брокерлік-дилерлік компаниялардың үлесіне – 1,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 22,0 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 12,3 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 0,1 %-дан кем болды. Бейрезиденттер МБҚ бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

Қайталама нарықтағы сауда көлемі 42,5 %-ға немесе 28,1 млрд теңгеге ұлғайып, 94,1 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 51,5 % немесе 48,4 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 23,4% немесе 22,0 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,1 %-дан кем немесе 22,0 млн теңгені құрады. 25,1 % немесе 23,6 млрд теңгені құрайтын қалған көлем шет

мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ, Түркия Қаржы министрлігінің және Оман Сұлтандығының облигациялары) мәмілелерге келді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығында банктердің үлесіне – 28,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 4,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 9,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 53,6 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 3,4% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 0,7 %-ға бағаланады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

2023 жылдың ақпан айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде төрт халықаралық қаржы ұйымының: Еуразиялық даму банкінің, Еуропалық қайта құру және даму банкінің, Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) және Азия даму банкінің 42 шығарылымының облигациялары болды.

2023 жылдың ақпанда KASE ресми тізіміне Еуразиялық даму банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкі облигацияларының бір шығарылымы енгізілді.

Ақпан айында халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда көлемі өткен аймен салыстырғанда 6,4 есе немесе 49,5 млрд теңгеге өсіп, 58,6 млрд теңгені құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында сауда-саттық көлемі 58,4 млрд теңгені құрады. Облигациялардың барлығы екі шығарылымы орналастырылды:

- Еуропалық қайта құру және даму банкі TONIA + 0,90 % маржа өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар 13 айлық облигациялардың бір шығарылымын орналастыру арқылы 48,5 млрд теңге тартты;
- Еуразиялық даму банкі кірістілігі жылдық 16,90 % дисконттық облигацияларды орналастыра отырып, 9,9 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта банктердің үлесі – 12,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 49,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 37,5 % құрады. Бейрезиденттер аталған сектордың бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

2023 жылғы ақпан айында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі қаңтармен салыстырғанда 9,5 %-ға немесе 22,4 млн теңгеге ұлғайып, 257,8 млн теңгені құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде барлық көлем заңды тұлғалардың шоттарына – 98,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 1,9 % келді. Бейрезиденттердің үлесі 1,8 % құрады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

2023 жылдың 01 наурызында "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания басқаратын 18 пай қорларының құралдары және алты ETF болды.

Есепті айда сауда-саттық көлемі 222,4 млн теңгені құрады және қаңтарға қатысты 26,4 %-ға немесе 79,8 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 39,6 % – жеке тұлғаларға, 13,6 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 46,8 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2023 жылдың 01 наурызындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ГДР) болды, олардың базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылады.

2023 жылдың ақпанындағы сауда-саттық көлемі 151,5 млн теңгені құрады және қаңтарға қатысты 1,1 %-ға немесе 1,7 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде жеке тұлғалардың үлесіне – 52,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдарға – 14,9 %, басқа заңды тұлғаларға – 33,0 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан аз болды.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ

2023 жылдың 01 наурыздағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 575 мың жеке тұлғаға ашылған 609 мыңнан астам дербес қосалқы шоттар болды.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың ақпан айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 31 KASE мүшесі қатысты.

Ақпан айында шетел валюталары нарығында сауда-саттық көлемі қаңтарға қарағанда 26, %-ға немесе 453,5 млрд теңгеге 2,2 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 108,4 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 437, бір мәміленің орташа көлемі – 247,9 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің алдыңғы айға өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа өлшенген биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, миллион валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағам, базалық валюта бірлігіне баға белгіленетін валютаның саны	Айдың соңындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	3 055,33 (+26,7 %)	63,5 % (-1,6 %)	6 942 (+1 034)	442,80 – 461,40	445,66 (-3,2 %)
RUB/KZT	27 401,06 (x2,0)	7,7 % (+2,5 %)	1 246 (+554)	5,9064 – 6,5790	5,9546 (-8,8 %)
CNY/KZT	737,73 (x2,5)	2,2 % (+1,0 %)	124 (-9)	64,3000 – 68,5450	64,3412 (-5,6 %)
EUR/KZT	93,14 (x4,2)	2,1 % (+1,4 %)	332 (+259)	471,79 – 506,53	473,31 (-5,1 %)
EUR/USD	1 088,69 (+14,1 %)	24,6 % (-3,3 %)	103 (-25)	1,0554 – 1,1000	1,0589 (-2,2 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақпан айында ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 20,8 трлн теңгені құрап, қаңтар айындағы көрсеткішке қатысты 2,1 %-ға немесе 435,9 млрд теңгеге төмендеді.

24 ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 16,75% деңгейінде қалдыру туралы шешім қабылдады, тиісінше өтімділікті беру бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 17,75 %, ал өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша – 15,75 % құрады.

Мәмілелер көлемі арқылы өлшенген USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күнге ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа мәні болып табылатын MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы бір айда 138 б.т.-қа жылдық 16,16 %-дан 17,54 %-ға дейін ұлғайды.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі ақпан айында 17,0 трлн теңгені құрады, бұл қаңтар көлемінен 803,4 млрд теңгеге немесе 4,5 %-ға аз. Орташа тәуліктік мәнде операциялар көлемі 848,3 млрд теңгені, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 1 191, бір мәміленің орташа көлемі – 712,4 млн теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 13,2 трлн теңгені немесе репо мәмілелерінің көлемінің – 77,6 %, ББҚ-мен авторепо – 3,8 трлн теңгені немесе 22,3 %, МБҚ-мен тікелей репо – 15,2 млн теңгені немесе 0,1 %-дан азды, ББҚ тікелей репо – 6,7 млрд теңгені немесе 0,1 %-дан азды құрады.

2023 жылғы ақпанның қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 137 б.т.-қа жылдық 16,16 %-дан 17,53 %-ға дейін ұлғайды, TRION индикаторының мәні – 127 б.т.-қа жылдық 16,23 %-дан 17,50 %-ға дейін ұлғайды, репо ашу мәмілелері бойынша жеті жұмыс күні мерзіміне орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені білдіретін TWINA индикаторының мәні 62 б.т.-қа жылдық жылдық 15,96 %-дан 16,58 % - ға дейін өсті.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Ақпан айында валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 3,8 трлн теңгені құрады, бұл қаңтар көлемінен 367,5 млрд теңгеге немесе 10,6 %-ға жоғары. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 192,3 млрд теңгені, күнделікті жасалған мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 21, бір мәміленің орташа көлемі – 9,1 млрд теңгені құрады.

Қаржы құралдары құрылымда валюталық своп нарығындағы жалпы көлемнің 31,7 %-ы (1 218,0 млрд теңге немесе 2 704,9 млн USD) бір күндік валюталық своппен операцияларға, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 66,5 %-ы (2 559,5 млрд теңге немесе 5 665,1 млн USD) екі күндік валюталық своппен операцияларға, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,1 %-ы (4,6 млрд теңге немесе 10,0 млн USD) айлық валюталық своппен операцияларға, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,9 %-ы (33,8 млрд теңге немесе 75,0 млн USD) үш айлық валюталық своппен операцияларға тиесілі болды, валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтың жалпы көлемінің 0,8 %-ы (30,2 млрд теңге немесе 4,9 млрд RUB) Ресей рублімен екі күндік валюталық своппен операцияларға тура келді.

Ақпан айының соңында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі жылдық 17,58 % құрады, бір айда 140 BP-ге өсті, SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың кірістілігі ақпан айында 67 п.т.-қа жылдық 16,05 %-ға дейін төмендеді.

ДЕРИВАТИВОВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, KASE индексіне және "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

2023 жылдың ақпан айында Ресей рублінің теңгеге 6,0 млрд теңгеге бағамына фьючерстермен екі мәміле жасалды. 01 наурызда туынды құралдар нарығындағы сауда-саттыққа қатысушылардың ашық жайғасымдары 1 миллион фьючерсті құрады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 53 42, pr@kase.kz.